

Отырар аудандық орталық кітапхана

**Библиография –
білім кілті**

/библиограф анықтамалығы/

*«Кей ғалымдар библиографияның
қадірін түсіне бермейді, ғылым дегенің
библиографиядан басталады».*

Әлкей Марғұлан

**«Библиография – білім кілті» [анықтамалық көмекші құрал]
Отырар аудандық орталық кітапхана; құрастырған:
библиограф Р.Мақтабекова, редактор: Р.Пернебаева, жауапты:
А.Рыскелді – Отырар.**

Библиографияның негізгі бағыттары:

-Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар, әдебиет, тіл білімі және мәдениет пен өнер жайында ақпараттық библиографияны қалыптастыру.

Негізгі міндеттері:

- ретроспективтік ғылыми-көмекші библиографиялық құралдарды (тарих, әдебиет, мәдениет пен өнер бойынша және библиографияның басқа түрлерін) дайындап шығару;
- ұсыныстық библиографиялық құралдарды: Қазақстан Республикасының аталып өтілетін және еске алынатын күндер тізбегін, Қазақстан қайраткерлерінің биобиблиографиясын құрастыру;
- оқырмандар сұранысы бойынша Қазақстан туралы күрделі жазбаша библиографиялық анықтамаларды орындау;
- библиографиялық картотека мен баспалық библиографиялық құралдардағы библиографиялық жазуларды электронды түрге көшіру.

Анықтамалық библиографиялық аппарат (АБА) дегеніміз - кітапхана каталогтары мен картотекаларының жиынтығы. Бұл - баспа басылымдарымен қатар басқа да құжаттар бойынша оқырмандардың оқуына жетекшілік ету. Ол оқырмандар сұранысының жедел, толық және нақты қанағаттандырылуына қызмет көрсетеді.

АБА-ға мына қызмет түрлері жатады:

1. *Анықтамалық библиографиялық қызмет*
2. *Ақпараттық библиографиялық қызмет*
3. *Библиографиялық білімді насихаттау .*

Анықтамалық библиографиялық қызмет – кітапхана қорындағы электронды қор, электронды каталогқа енгізілген жазбалар саны, оның ішінде:

- кітап қоры (рабис бағдарламасы бойынша жазылған кітаптар саны)
- мақалалардың библиографиялық деректер қоры (мерзімді басылымдардан жазылған сипаттамалар саны)
- шығарылған баспа өнімдері, жаңа айдарлар мен оқырмандардан түскен сұранымдар туралы нақты ақпарат беретін қызмет түрі. Мысалы: «Отырар ауданында өсетін дәрілік өсімдіктер», «Кәсіпкерлердің іс-тәжірибесі» т.б.

Ақпараттық библиографиялық қызмет – оқырмандарға кітапхана қорын насихаттап, таныстыруда ұйымдастырылатын «Әдебиеттер әлеміне

саяхат», «Кітап оқуға уақыт табыңыз!», «Жаңа кітап – жаңа сыр», «Мерзімді басылым беттерінен...» т.б. ақпараттық тізімдер, жарнамалық бюллетеньдер, жаңа әдебиеттер көрмесінің таныстырылымы;

-Жылдың атаулы күндері мен мерейтой иелеріне арналған шаралар;

-Президент Жолдауы мен басқа да саяси жаңалықтарға арналған ақпарат күндері;

-«бір ел-бір кітап» акциясы аясында «Бәріміз бірге оқимыз», «Өзіңіз оқыңыз, өзгеге ұсыныңыз» т.б. атқарылатын жұмыстар;

-библиографиялық анықтамалықтар, баспа құралдары, баспасөз беттеріне жарияланған мақалалар және әлеуметтік желіде жарияланған көпшілік жұмыстар;

-- Ұстаздар күні, дәрігерлер күні, энергетиктер күні, пошта қызметкерлері күніне орай «Менің мамандығым – менің болашағым», «Мен тандаған мамандық» т.б. мамандар күнін қамтиды.

Мамандар күніне арналған іс - шараға мекеме қызметкерлері, жоғары сынып оқушылары, студенттер мен әр түрлі саланың мамандары қатысады.

Мақсаты: Оқушылар мен студенттерге мамандықтың түрлері, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік бере отырып, өз бейіміне сәйкес мамандық тандай білуіне ықпал жасау; кәсіби бағдар беру; түрлі ойындар арқылы таным процестерін дамыту, өз пікірін еркін айтып, өзгенің пікірін сыйлай білуге, жүйелі ойлауға баулу, болашақ маман иелеріне жақсы мамандық таңдауына септік тигізу, қалаған мамандарының қыр-сырын жетік білуге кеңес беру.

Библиографиялық білімді насихаттау жұмыстары - кітапханаға саяхат, кітапханадан кітап таңдап алудың жолдары, анықтамалықтар мен сөздіктерді қалай пайдалану керектігі жөнінде және каталог пен картотеканы пайдалану жұмыстары, қызықтыру сағаттары мен кеңес сабақтар жатады.

«Сізге каталог пен картотека көмектеседі» атты кеңес сағатының бағдарламасы:

- 1. «Қажетті ақпаратты қайдан, қалай табуға болады?» /ақпарат беру, ақпараттық-анықтамалық жүйемен таныстыру/;**
- 2. «Библиография – жаңа уақыт үрдісінде» /оқырманмен өзара әңгіме жүргізу/;**
- 3. «Библиограф ұсынады...» /оқырмандармен бірлесіп жұмыс жасау, ақпараттық-танымдық құралдар ұсыну, кітапты таңдап оқуға үйрету/.**

Кітапханада каталогтардың бірнеше түрлері бар:

- 1) алфавиттік
- 2) жүйелік
- 3) пәндік
- 4) электрондық каталог

Алфавиттік каталогта кітапхана қорындағы құжаттарға берілген библиографиялық жазба алфавиттік тәртіпте орналастырылады.

Жүйелік каталогта материалдар білімнің салалары бойынша орналастырылады.

Электрондық каталог дегеніміз - компьютерде терілген кітапханадағы материалдардың жиынтығы.

Картотеканың түрлері: жүйелік картотека, дербес картотекасы, өлеңдер картотекасы, тақырыптық картотека, сахналық қойылымдар картотекасы және өлкетану картотекасы болып бөлінеді.

Алфавиттік каталог – мұнда библиографиялық жазбалар авторлар аты (фамилиясы) немесе құжаттар атауы әліпби ретпен орналастырылған. Алфавиттік каталогтың көмегімен кітапханада белгілі бір кітаптың және қандай басылымдарда бар екенін; сол немесе басқа автордың қандай кітаптары қорда берілгенін анықтауға болады.

Жүйелі каталог - білім салалары бойынша, белгілі бір жүйелі жіктелумен орналасқан, жіктеу таблицасы бойынша құрылған библиографиялық жазбалар. Жүйелі каталог оқырмандардың пайдалануына арналған. Жүйелі каталог кітапханада қандай білім саласы бойынша басылымдардың, және ғылым мен техника саласы бойынша қандай кітаптар бар екенін білуге мүмкіндік береді. Жүйелі каталог үшін карточкалар кітапханаға кітаппен бірге түседі және КБЖ индексімен сәйкес орналастырылады.

Картотекалар редакциясын мазмұнына қарай тұрақты түрде жүргізіп тұру керек. Картотекалардағы карточкалардың сақталу қоры – 5 жыл (өлкетанулық картотеканы қоспағанда). Басылымдардың тым ескілері, құжаттың бірегей тақырыбына байланысты іріктеліп сақталады.

Газет және журнал мақалаларының жүйелі картотекасы – құрылымы бойынша жүйелі каталогқа ұқсас. Газет және журнал мақалаларының жүйелі картотекасында мемлекеттік және саяси қайраткерлер, ғалымдар, суретшілер, жазушылар, композиторлар, актерлердің өмірі мен қызметі жайлы материалдар жиналады. Мұнда тұлға бойынша жинақталған материалдар әліпби ретімен, бірақ сәйкес бөлімдерде орналастырылады. Егер көп карточка жиналып қалса, онда оларды жеке

өмірі мен шығармашылығы бойынша сұрақтарға топтастырып және арнайы бөлгіштермен бөледі.

Тақырыптық картотека - белгілі бір тақырып бойынша құжаттарды көрсететін картотека. Тақырыптық карточкалардың ерекшеліктері олардың өзектілігінде, әртүрлі баспа шығармаларын шапшаң насихаттау мүмкіндігінде. Тақырыптық картотекада анықтамалық сипаттамалар елеулі рөл атқарады, сондай-ақ, шығарманың мазмұнын ашып қана қоймай, әртүрлі авторлардың бір тақырыпты қарастыру ерекшеліктерін көрсетеді.

Өлкетанулық картотека – кітапхана қорында болмаса да, өлкетанулық сипаттағы құжаттарды көрсететін арнайы картотека, материалды топтастыру бойынша бұл картотека жүйелі болып табылады.

Библиографиялық құрал - белгілі тәртіппен реттелген библиографиялық жазбалар жиынтығы. Ол мынадай бөлімдерден тұрады:

- алғысөз,*
- биографиялық анықтама,*
- тұлғаның негізгі өмірдеректері және шығармашылығы,*
- тұлға шығармаларының тізімі,*
- *өмірі мен қызметі туралы кітаптар.*

Библиографиялық құралдың типтері:

- *Библиографиялық шолу* - тақырып аясындағы баспа шығармалары туралы ақпаратты оқырмандарға ауызша жеткізу;
- *Библиографиялық көрсеткіш* – есімдер, тақырыптық, географиялық атаулар көрсеткіштері;
- *Библиографиялық тізім* – деректердің сипаттамасы алфавиттік немесе хронологиялық ретпен орналасады.



Мекен жайымыз:

Н. Оңдасынов көшесі, 2
Аудандық орталық кітапхана
Сымтетік: 77-5-78

Электронды пошта: Otrar_kitap@mail.ru